

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің кейбір ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 29 наурыз N 402

Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Қазақстан Республикасының Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны оған Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Жезқазғансирекмет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Қазақстан Республикасының Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына "Жезқазғансирекмет" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын құруға рұқсат берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 513-құжат):

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Қазақстан Республикасының Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны және оның "Жезқазғансирекмет" еншілес мемлекеттік кәсіпорны оның алдын ала сатыларымен жекешелендіруге жатпайды деп белгіленсін.";

2) < * >

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1105 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

